



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

САЛАЛЫҚ КОНЪЮНКТУРАЛЫҚ ШОЛУ

Кәсіпорындарға пікіртерім жүргізу
нәтижелері (салалар: өндіру және өңдеу
өнеркәсібі, құрылыс, сауда, көлік және
қоймаға сақтау)

2017 ж. III тоқсан

Мазмұны

- I. Салалардағы жалпы үрдістер (3-бет)
- II. Өндіру өнеркәсібі (4-7 беттер)
- III. Өңдеу өнеркәсібі (8-11 беттер)
- IV. Құрылыс (12-15 беттер)
- V. Сауда (16-19 беттер)
- VI. Көлік және қоймаға сақтау (20-23 беттер)
- VII. Негізгі қаржы көрсеткіштерінің орташа салалық мәні (24-25 беттер)



Жалпы анықтама, пікіртерімдердің негізгі қорытындылары

Пікіртерімде келесі кәсіпорындар қатысқан:

- Өндіру өнеркәсібінің – 170
- Өңдеу өнеркәсібінің – 678
- Құрылыс – 314
- Сауда – 789
- Көлік және қоймаға сақтау – 230

Кәсіпорындар-қатысушылар тұтас алғанда : **2 913**

Пікіртерімнің өткізген кезеңі: 2017 жылдың 3-ші тоқсаны бойынша

Пікіртерімнің әдісі: Сауалнамалау

Сауалнамаға жауап берушілер: Кәсіпорындардың басшылары мен қаржы бөлімдердің қызметкерлері

Пікіртерімнің мақсаты: бизнес конъюнктурасындағы негізгі үрдістерді анықтауға бағытталған

Пікіртерімдердің негізгі қорытындылары:

Көрсеткіш	Тау-кен өндіру өнеркәсібі	Өңдеу өнеркәсібі	Құрылыс	Сауда	Көлік және қоймаға сақтау
Кәсіпорындардың нақты көрсеткіштерін бағалау					
Дайын өнімге сұраныс	Төмендеді	Көтерілді	Төмендеді	Көтерілді	Төмендеді
Дайын өнім бағалары	Төмендеді	Көтерілді	Көтерілді	Көтерілді	Көтерілді
Шикізат пен материалдар бағасы	Көтерілді	Көтерілді	Көтерілді		Көтерілді
Кредиттер шарттарын бағалау					
Кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеме, теңгемен	Көтерілді	Көтерілді	Төмендеді	Көтерілді	Төмендеді
Кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеме, шетел валютасымен	Көтерілді	Көтерілді	Төмендеді	Төмендеді	Төмендеді
Кәсіпорындардың қаржы көрсеткіштердің біріктірілген бағалауы					
Ағымдағы өтімділік Коэффициенті ≥ 1 кәсіпорындардың үлесі	Төмендеді	Көтерілді	Көтерілді	Көтерілді	Көтерілді
Саладағы айналым қаражатының айналымдылық орташа коэффициенті	Төмендеді	Төмендеді	Көтерілді	Көтерілді	Көтерілді
Меншікті капиталдың рентабельділігі $< 5\%$ кәсіпорындардың үлесі	Төмендеді	Төмендеді	Төмендеді	Төмендеді	Төмендеді
Сату рентабельділігі $< 5\%$ кәсіпорындардың үлесі	Төмендеді	Төмендеді	Көтерілді	Көтерілді	Төмендеді



Өндіру өнеркәсібі: сұраныс пен бағалары

Мәлімет үшін:

ҰЭМ СК деректері бойынша өндіру өнеркәсібі жылдың басынан 11,3%-ға дейін көтерілді

Дайын өнімге сұраныс

2017ж. 3-тоқсанында тау-кен өндіру өнеркәсібіндегі дайын өнімге сұраныс қатты өзгерген жоқ (ДИ= 49,8).

Кәсіпорындардың күтімі бойынша 2017ж. 4-тоқсанында өндіретін өнімге сұраныс өзгеріссіз қалады (ДИ=50,0).

Дайын өнім бағалары

2017ж. 3-тоқсанында мұнай бағасының өсуіне қатысты диффузиялық индекс оң аймаққа жақындады (ДИ=49,8), бұл 2017ж. 2-тоқсанмен салыстырғанда бағалардың өсу қарқынының төмендеуін білдіреді.


2017ж. 4-тоқсанда кәсіпорындар өндіретін өнімге бағалардың өсуін болжамдайды (ДИ=54,9).

Шикізат пен материалдардың бағасы


Кәсіпорындардың мәліметі бойынша есепті тоқсанда шикізат пен материалдардың бағасы бәсеңдетілді (ДИ=65,2). Қалыптасқан жағдай екі тоқсан бойы жалғасуда.

2017ж. 4-тоқсанында кәсіпорындар күтімі бойынша бағалардың өсу қарқыны аздап жоғарылайды (ДИ=66,6).


Дайын өнімге сұраныс ДИ*



Дайын өнім бағалары ДИ*



Шикізат пен материалдар бағалары ДИ*



* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

Өндіру өнеркәсібі: кредит шарттарын бағалау

Екінші деңгейдегі банктердің тау-кен өндіру өнеркәсібін кредиттеу 2017 жылғы 3-тоқсанда өткен жылғы осындай кезеңмен салыстырғанда 1,5%-ға өсіп, 371,0 млрд. теңге болды.


Есепті тоқсанда кәсіпорындардың деректері бойынша негізгі және айналым қаражатын қаржыландыру негізінен меншікті қаражат есебінен жүзеге асырылды.

Қаржыландыру мүмкіндіктерін шектейтін негізгі факторлардың арасында кәсіпорындар өндірілетін өнімге қаржылай қаражаттың және пайданың жетіспейтіндігін, салықтың жоғары деңгейін, Қазақстан экономмикасының жағдайын атап өтті.

Кредиттеудің банктік талаптары бойынша кәсіпорындар шетел валютасымен кредиттеудің орта мөлшерлемесінің 4,6%-дан 5,6%-ға дейін көтерілуін атап өтті (қол жетімді пайыздық мөлшерлеме 2,4%-ға тең). Теңгемен кредиттеудің мөлшерлемесі өзгермеді (ДИ=12,8%). Кредиттеу талаптарының оң өзгерістерінің ішінде шетел валютасымен кредиттеудің орта мерзімінің 21 айдан 28 айға өсуін атап өткен жөн.

2017 жылғы 3-тоқсанда кредит алуға ниет білдірген тау-кен өндіру өнеркәсібі саласындағы кәсіпорындардың үлесі 13,0% болды.

Қарыздар бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) берешегі бар салалардың кәсіпорындарының үлесі 2,9%-ға дейін төмендеді.






* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

Өндіру өнеркәсібі : қаржылық көрсеткіштерді бағалау

2017 жылғы 3-тоқсанда, дайын өнімге сұраныстың айтарлықтай төмендеуіне қарамастан, кәсіпорындардың қаржы-экономикалық көрсеткіштер оң серпінмен сипатталды, атап айтқанда:

- ағымдағы меншікті капиталдың рентабельділігі 20%-дан асқан кәсіпорындардың үлесі ұлғайып, 30%-ды құрады (2017ж.2-тоқсанда 24% болды)
- ағымдағы сату рентабельділігі 5%-дан кем кәсіпорындардың үлесі 16,1%-ға дейін төмендеді (2017 2017ж.2-тоқсанда 17,5% болды)
- тау-кен өндіру кәсіпорындардың көпшілігі жоғары рентабельді болып табылады (56,8%)
- ағымдағы өтімділік коэффициенті орташа деңгейден жоғары кәсіпорындардың үлесі 57,4%-ға дейін ұлғайды




* Бөлім индикаторлары тоқсанның соңында кәсіпорындардан алынған баланс пен пайда және шығын туралы есептің күтілетін мән көрсеткіштерінің бағалаулары негізінде, сала бойынша орташа есептелінген қаржылық коэффициенттерінің сандық бағалаулармен көрсетілген. Бұл ретте, алынатын бағалаулар мәндердің абсолюттік дәлдігін алып қою мақсатын көздемейді және сала жағдайының өзгерістері үрдістерінің оперативті талдамы үшін қызмет етеді.

Өндіру өнеркәсібі: орташа салалық мәннің серпіні және негізгі қаржы көрсеткіштерін квартильдік бөлу

	2016 жылдың 3 тоқсаны			2016 жылдың 4 тоқсаны			2017 жылдың 1 тоқсаны			2017 жылдың 2 тоқсаны			2017 жылдың 3 тоқсаны		
1. Ағымдағы өтімділік коэффициенті (1 теңге мерзімді міндеттемелердің айналым қаражаты) <i>Салалар бойынша орташа мәні</i> <i>Квартиль: 25% - 50% - 75%</i>	1.37			1.41			1.39			1.66			1.60		
	0.54	1.12	1.95	0.54	1.03	2.06	0.54	1.06	1.99	0.64	1.25	2.22	0.63	1.18	2.10
2. Жалпы төлем қабілеттілігінің коэффициенті <i>Салалар бойынша орташа мәні</i> <i>25% - 50% - 75%</i>	1.57			1.62			1.58			1.31			1.35		
	0.91	1.14	2.14	0.90	1.13	2.06	0.89	1.15	2.14	0.82	1.09	1.65	0.81	1.09	1.81
3. Қайта қаржыландыру деңгейі <i>Салалар бойынша орташа мәні</i> <i>Квартиль: 25% - 50% - 75%</i>	40.2			42.2			41.2			40.24			40.1		
	5.7	38.9	71.3	5.8	45.9	77.0	5.9	46.1	76.5	6.11	40.62	75.26	5.8	43.2	76.2
4. Активтердегі айналым қаражатының үлесі, % <i>Салалар бойынша орташа мәні</i> <i>Квартиль: 25% - 50% - 75%</i>	45.0			42.8			38.5			41.87			48.1		
	31.3	44.8	56.5	26.7	43.8	59.1	21.9	37.8	54.2	27.73	41.49	56.11	33.0	48.8	60.9
5. Активтердің айналымдылық коэффициенті <i>Салалар бойынша орташа мәні</i> <i>Квартиль: 25% - 50% - 75%</i>	0.14			0.13			0.11			0.16			0.18		
	0.04	0.12	0.23	0.05	0.11	0.21	0.03	0.09	0.17	0.05	0.14	0.26	0.05	0.15	0.30
6. Айналым қаражатының айналымдылық коэффициенті <i>Салалар бойынша орташа мәні</i> <i>Квартиль: 25% - 50% - 75%</i>	0.36			0.37			0.30			0.39			0.44		
	0.11	0.34	0.54	0.14	0.33	0.57	0.09	0.25	0.50	0.12	0.33	0.59	0.14	0.36	0.64
7. Сату пайдалылығы, % <i>Салалар бойынша орташа мәні</i> <i>Квартиль: 25% - 50% - 75%</i>	38.60			42.22			40.07			36.36			35.80		
	19.30	38.10	60.30	27.55	44.20	59.70	19.28	40.20	58.53	17.35	34.20	58.70	18.2	36.6	55.2

Сату пайдалылығы көрсеткішінің үлгісінде кестеге түсіндірме:



Өңдеу өнеркәсібі: сұраныс пен бағалары

Мәлімет үшін:

ҚР ҰЭМ СК деректері бойынша өңдеу өнеркәсібі қантар-қыркүйек аралығында 5,7% өсті

Дайын өнімге сұраныс

Кәсіпорындардың мәліметтері бойынша 2016ж. соңынан бері өңдеу өнеркәсібінің дайын өніміне сұраныс тұрақты түрде өсуін жалғастыруда (2017ж.3-тоқсанда ДИ = 53,4).

Келесі тоқсанда сұраныс қалыптасқан қарқынмен өседі деп болжамданады (ДИ=55,1).

Дайын өнім бағалары

2017ж. есепті тоқсанында өңдеу өнеркәсібінің дайын өніміне деген баға өсуінің қарқындары шамалы баяулады (ДИ=53,8).

2017ж. келесі тоқсанда өңдеу өнеркәсібінің дайын өніміне деген баға өсуді жалғасуда, бірақ өсу қарқыны жоғарылайды (ДИ=56,8).


Шикізат пен материалдар бағалары

2017ж. 3-тоқсанда шикізат пен материалдар бағалары баяулады. ДИ соңғы 3 жылдың аралығында ең төмен деңгейге жетті (62,2).


Нәтижесінде 2017ж. 3-тоқсанда өңдеу өнеркәсібінде өндірудің және тауарлық-материалдық қорлардың нақты көлемдері ұлғайды (ДИ=53,5).

Кәсіпорындардың күтулері бойынша 2017 жылғы 4-тоқсанда бағалардың өсуі жалғасады (ДИ = 64,1).


Дайын өнімге сұраныс ДИ*



Дайын өнім бағалары ДИ*



Шикізат пен материалдар бағалары ДИ*



* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді



Өңдеу өнеркәсібі: кредиттеу талаптарын бағалау

Өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарын кредиттеу 2017 жылдың 3-тоқсанында өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 7,7%-ға өсіп, 1 249,0 млрд. теңгені құрады.


Есепті тоқсанда негізгі және айналым қаражатын қаржыландыру негізінен меншікті қаражат есебінен жүзеге асырылды.

Кәсіпорындар қаржыландыру мүмкіндігін шектейтін негізгі факторлар ішінде өнімге деген сұраныстың төмендеуін, қаржы қаражатының және пайданың жеткіліксіздігін атап өтті.


2017 ж. 3-тоқсанда кәсіпорындар кредиттеудің бағалық және бағалық емес шарттары жағымсыз деңгейде бағалады. Алынған кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлеменің өсуі белгіленді, теңгемен 12,6%-ға дейін өсуі және шетел валютасымен 7,7%-ға дейін. Сонымен қатар 2017ж. 3-тоқсанда теңгемен және шетел валютасымен алынған кредиттер бойынша нақты және қолайлы мөлшерлеменің арасындағы алшақтық артты.

2017 ж. 3-тоқсанда кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындар үлесі 24,8%-ды құрады. Салада қарыздар бойынша мерзімі өткен (90 күннен асқан) берешегі бар кәсіпорындардың үлесі 3,8%-ға дейін өсті.

Теңгемен кредиттеу шарттары



Валютамен кредиттеу шарттары






* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

Өңдеу өнеркәсібі: қаржы көрсеткіштерін бағалау

2017 жылғы 3-тоқсанда өнімге деген сұраныстың, өнімді өндіру көлемдерінің өсуі аясында саланың қатысушы кәсіпорындарының қаржы-экономикалық жағдайы жалпы алғанда оң үдерісті көрсетті.

Мәселен, өтімділігі «нашар» (АӨК<1) кәсіпорындар үлесі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 1,8%-ға қысқарды, ал жарғылық капиталы 0,5 көп кәсіпорындардың үлесі 0,5%-қа ұлғайды. Сондай-ақ меншікті капиталының рентабельдігі жоғары (МКР>20%) кәсіпорындардың үлесі өсті, олардың үлесі 36,2%-ды құрады (2017 жылғы 2-тоқсанда 31,8%-ды). Айналым қаражаты айналымдығы коэффициентінің (АҚАК) орташа мәннен жоғары кәсіпорындардың үлесі өсті (65,4%). Сала бойынша орташа мәннен жоғары АҚАК бар кәсіпорындардың үлесі едәуір ұлғайды (33,4%). Сату рентабельдігі (СР) 5%-дан жоғары, бірақ 30%-дан төмен кәсіпорындар үлесі басым (48,7%).



* Бөлім индикаторлары тоқсанның соңында кәсіпорындардан алынған баланс пен пайда және шығын туралы есептің күтілетін мән көрсеткіштерінің бағалаулары негізінде, сала бойынша орташа есептелінген қаржылық коэффициенттерінің сапалық және сандық бағалаулармен көрсетілген. Бұл ретте, алынатын бағалаулар мәндердің абсолюттік дәлдігін алу мақсатын көздемейді және сала жағдайының өзгерістері үрдістерінің жедел талдау үшін пайдаланылады.

Өңдеу өнеркәсібі: орташа салалық мәннің серпіні және негізгі қаржы көрсеткіштерін кuartильдік бөлу

	2016 жылдың 3 тоқсаны			2016 жылдың 4 тоқсаны			2017 жылдың 1 тоқсаны			2017 жылдың 2 тоқсаны			2017 жылдың 3 тоқсаны		
1. Ағымдағы өтімділік коэффициенті (1 теңге мерзімді міндеттемелердің айналым қаражаты)															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	1.40			1.34			1.29			2.16			1.34		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.78	1.09	1.82	0.76	1.14	1.78	0.72	1.08	1.68	0.83	1.24	2.29	0.76	1.13	1.73
2. Жалпы төлем қабілеттілігінің коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	1.46			1.44			1.63			1.49			1.45		
<i>25% - 50% -75%</i>	1.00	1.18	1.80	1.00	1.18	1.79	1.00	1.20	1.92	1.00	1.18	1.85	1.00	1.21	1.80
3. Қайта қаржыландыру деңгейі															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	34.1			34.6			34.3			35.48			35.70		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	4.9	29.7	62.0	4.6	30.9	62.1	3.3	30.2	66.2	5.01	33.06	65.39	4.90	33.60	65.20
4. Активтердегі айналым қаражатының үлесі, %															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	67.3			68.5			66.1			67.8			68.3		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	51.2	68.4	84.5	53.4	69.2	85.3	49.7	66.4	85.1	51.4	67.8	85.7	52.0	68.7	85.3
5. Активтердің айналымдылық коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	0.24			0.26			0.18			0.22			0.23		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.09	0.22	0.36	0.09	0.22	0.39	0.04	0.16	0.27	0.07	0.20	0.35	0.08	0.20	0.37
6. Айналым қаражатының айналымдылық коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	0.47			0.49			0.34			0.44			0.42		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.19	0.41	0.70	0.18	0.42	0.74	0.10	0.29	0.52	0.16	0.40	0.66	0.16	0.40	0.66
7. Сату пайдалылығы, %															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	20.19			20.39			17.41			18.90			22.10		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	9.30	18.90	29.98	8.73	18.60	30.45	6.30	15.90	27.40	8.10	18.90	28.05	9.70	20.70	32.90



Құрылыс: сұраныс пен баға

Мәлімет үшін:

ҰЭМ СК мәлеметі бойынша жылдың басынан құрылыс жұмыстарының көлемі 3,5%-ға өсті.

Дайын өнімге сұраныс

Құрылыс саласында 2017 жылдың басынан бері қатысушы-кәсіпорындардың деректері бойынша сұраныс аздап төмендеді (2017 жылдың 3-тоқсанында ДИ 48,1 құрады).

2017 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындар жағдайдың азын-аулақ жақсаруы, яғни сұраныстың тұрақтылығы күтілуде.

Дайын өнім бағасы


2017 жылғы 3-тоқсанда дайын өнімге сұраныс ары қарай өсті. Бірақ өсу қарқыны өткен кезеңдермен салыстырғанда әлдеқайда төмен болды.

2017 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындардың күтуі бойынша олардың өніміне дегенің бағаның өсуі жалғасады, өсу қарқыны өткен кезеңнің деңгейімен шамалас болады.


Шикізат пен материалдардың бағасы

Кәсіпорындардан алынған деректер бойынша 2017 жылдың 3-тоқсанында орын алған шикізат пен материалдар бағасының өсу қарқынының баяулау үрдісі 4 тоқсанда да жалғасады.


Дайын өнімге сұраныс ДИ*



Дайын өнім бағалары ДИ*



Шикізат пен материалдар бағалары ДИ*



* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді



Құрылыс: кредиттеу талаптарын бағалау

ҚР ҰБ статистикалық деректері бойынша банктердің 2017 жылғы 3-тоқсанда өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда құрылыс саласын кредиттеуі 1,7%-ға төмендеп, 995,9 млрд.теңге болды.

Есепті тоқсанда кәсіпорындардың негізгі және айналыс қаражатын қаржыландыру негізінен кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен де жүзеге асырылды (83,8% және 62,1% кәсіпорын, сәйкесінше).

Кәсіпорындар қаржыландырудағы мүмкіндіктерді шектейтін негізгі факторлардың ішінен, бірінші кезекте, қаржылай қаражат жеткіліксіз болуын, пайданың жеткіліксіз болуын, сондай-ақ салық ауыртпалығының жоғары деңгейін атап өтті.

2017 жылғы 3-тоқсанда банктің кредиттеудің баға және бағаға байланысты емес талаптары аздап жақсарды: теңгемен және шетел валютасымен кредиттеудің орташа банктік пайыздық мөлшерлемесі төмендеді (сәйкесінше, 15,9%-ға және 7,0%-ға дейін). Дегенмен, кредиттеудің баға және бағаға байланысты емес шарттарын кері бағалаған кәсіпорындар үлесі басым болды.

2017 жылғы 3-тоқсанда кредит алуға ниет білдірген кәсіпорындардың үлесі 18,4% құрады.

Салада қарыздар бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) берешегі бар кәсіпорындардың үлесі 5,4%-ға дейін ұлғайды.

Теңгемен кредиттеу шарттары



Валютамен кредиттеу шарттары



* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді




Құрылыс: қаржылық көрсеткіштерді бағалау

Құрылыс саласында 2017 жылғы 3-тоқсандағы пікіртерімнің қорытындылары бойынша кәсіпорындардың қаржылық-экономикалық көрсеткіштерін бағалау мынаны көрсетті.

1-ден төмен ағымдағы өтімділік коэффициенті бар кәсіпорындардың үлесі 41,1%-ға дейін қысқарды. Қаржылай-тәуелсіз кәсіпорындардың үлесі (ӨҚД \geq 0,5) көбейіп 27,5% құрады.

Сала бойынша айналыс қаражатының айналым коэффициентінің (АҚАК) орташа мәні шамамен 0,43ге дейін өсті, алайда АҚАК орташа мәнінен артық болатын кәсіпорындардың үлесі сәл ғана азайып 47,6% құрады (2017 ж 2-тоқ. 49,5%).

Салада сату рентабельділігі жоғары кәсіпорындардың үлесі айтарлықтай төмендеп 34,5% құрады (2017ж. 2-т. 38,0%).



* Бөлім индикаторлары тоқсанның соңында кәсіпорындардан алынған баланс пен пайда және шығын туралы есептің күтілетін мән көрсеткіштерінің бағалаулары негізінде, сала бойынша орташа есептелінген қаржылық коэффициенттерінің сапалық және сандық бағалаулармен көрсетілген. Бұл ретте, алынатын бағалаулар мәндердің абсолюттік дәлдігін алу мақсатын көздемейді және сала жағдайының өзгерістері үрдістерінің жедел талдау үшін пайдаланылады.

Құрылыс: негізгі қаржылық көрсеткіштердің орташа салалық мәнінің жәнеквартильді бөрудің серпіні

	2016 жылдың 3 тоқсаны			2016 жылдың 4 тоқсаны			2017 жылдың 1 тоқсаны			2017 жылдың 2 тоқсаны			2017 жылдың 3 тоқсаны		
1. Ағымдағы өтімділік коэффициенті (1 теңге мерзімді міндеттемелердің айналым қаражаты)															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	1.11			1.31			1.81			1.10			1.18		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.69	1.00	1.42	0.68	1.00	1.63	0.68	1.00	1.67	0.63	0.98	1.34	0.73	1.01	1.44
2. Жалпы төлем қабілеттілігінің коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	1.31			1.45			1.58			1.18			1.24		
<i>25% - 50% -75%</i>	1.00	1.10	1.66	1.00	1.10	1.71	1.00	1.14	1.72	1.00	1.06	1.42	1.00	1.06	1.54
3. Өзіндік қаржыландыру деңгейі															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	27.65			31.00			30.25			22.81			23.60		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	1.02	20.97	52.79	0.77	25.93	60.64	0.78	24.49	53.61	0.42	14.76	42.02	0.50	16.60	46.20
4. Активтердегі айналым қаражатының үлесі, %															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	78.93			77.63			72.27			76.82			80.40		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	65.83	81.96	93.67	65.02	80.75	94.16	53.17	76.74	94.16	63.47	80.42	93.43	67.90	84.60	95.30
5. Активтердің айналымдылық коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	0.24			0.38			0.19			0.21			0.28		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.04	0.20	0.41	0.09	0.27	0.57	0.01	0.10	0.27	0.04	0.16	0.36	0.06	0.19	0.47
6. Айналым қаражатының айналымдылық коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	0.38			0.61			0.29			0.32			0.38		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.09	0.34	0.62	0.14	0.43	0.78	0.02	0.18	0.42	0.08	0.27	0.52	0.09	0.26	0.63
7. Сатудың рентабельділігі, %															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	26.35			22.32			8.08			21.31			21.50		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	6.05	21.40	41.80	7.00	19.50	37.20	0.35	19.20	46.15	4.40	22.50	42.90	5.20	19.00	36.80



Сауда: сұраныс пен бағалар

Мәлімет үшін:

ҰЭМ СК мәлеметі бойынша тауарлар мен қызметтерді сату көлемі жылдың басынан 3,0%-ға дейін көтерілді.

Дайын өнімге сұраныс

Ұзақ уақытта алғаш рет сауда саласының өніміне деген сұраныс өсу аясына өтті (ДИ=51,7). Сұраныстың өсу факторлары халықтың кейінге қалдырған сұранысы әсері және саладағы дайын өнім бағасының өсу қарқынының бәсеңдеуі болып табылады.


Ағымдағы экономикалық жағдай сақталған жағдайда сауда саласының кәсіпорындары 2017 жылғы 4-тоқсанда сұраныстың ары қарай ұлғаюын күтуде (ДИ=52,7).

Дайын өнім бағасы


Сауда саласында қызмет ететін кәсіпорындардың деректері бойынша 2017 жылғы 3-тоқсанда олардың дайын өніміне деген бағаның өсу қарқыны едәуір төмендеді (ДИ=55,1). Дегенмен, басқа салалармен салыстырғанда сауда саласындағы бағаның өсу қарқыны айтарлықтай жоғары болды.

2017 жылғы 4-тоқсанда кәсіпорындар бағалардың өсу қарқынын осы қалыпта сақтауды көздеп отыр (ДИ=56,5).

Дайын өнімге сұраныс ДИ*



Дайын өнім бағалары ДИ*



* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

Сауда: кредиттеу талаптарын бағалау

Сауда кәсіпорындарын кредиттеу 2017 жылғы 2-тоқсанда өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 8,5%-ға азайып, 2 414,3 млрд. теңгені құрады.

2017 жылғы есепті тоқсанда негізгі және айналым қаражатын қаржыландыру негізінен кәсіпорындардың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Негізгі және айналым қаражатын қаржыландырудағы мүмкіндіктерді шектейтін негізгі факторлардың ішінен кәсіпорындар басқа кәсіпорындар тарапынан нарықтық бәсекелестікті, қаржылық қаражаттың жетіспеушілігін және өнімге жеткіліксіз сұранысты атап өтті.

2017 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындар банктердің кредиттеудегі бағалық талаптарын аздап кері бағалады. Дегенмен, *шетел валютасындағы* кредиттер бойынша орташа пайыздық мөлшерлемелер 8,5%-ға дейін төмендеп, орташа кредиттеу мерзімі 15,7 айға дейін ұзарды. Сонымен қатар нақты және қол жетімді пайыздық мөлшерлемелер арасындағы айырмашылықтың біртіндеп азаюы байқалды: теңгемен – 5,5%, шетелдік валютамен – 3,7%.

2017 жылғы 3-тоқсанда кредит алуға ниеті бар саладағы кәсіпорындардың үлесі 20,3%-ды құрады. Қарыздар бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) берешегі бар саладағы кәсіпорындардың үлесі 3,0%-ға дейін ұлғайды.

Теңгемен кредиттеу шарттары



Валютамен кредиттеу шарттары



* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

Сауда: қаржы көрсеткіштерін бағалау




Сауда саласында қызмет ететін кәсіпорындарының қаржылық-экономикалық көрсеткіштері оң да, кері де өзгерістерді көрсетті, атап айтқанда:

Оң өзгерістерден:

- ағымдағы өтімділік коэффициенті (АӨК) 1-ден жоғары кәсіпорындардың үлесі 73,8%-ға жетті;
- айналым қаражатының айналымдылық коэффициентінің (АҚАК) сала бойынша орташа мәні 0,52-ге дейін ұлғайды;
- меншікті капиталдың рентабельділігі (МКР) 20%-дан жоғары кәсіпорындардың үлесі 53,1%-ға дейін ұлғайды.

Кері өзгерістерден:

- сату рентабельділігі жоғары кәсіпорындардың үлесі 25,7%-ға дейін азайды;
- АҚАК орташа мәнінен үлкен кәсіпорындар үлесі азайды (48,5%).



* Бөлім көрсеткіштері тоқсанның соңында өнімдерді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан түскен баланс пен кіріс көрсеткіштерінің күтілетін мәндерінің кәсіпорындардан алынатын бағалары негізінде сала бойынша орташа есептелінген қаржылық коэффициенттерінің сапалық және сандық бағалауларымен көрсетілген. Бұл ретте, алынатын бағалаулар мәндердің абсолюттік дәлдігін алып қою мақсатын көздемейді және сала жағдайының өзгерістері үрдістерінің оперативтік талдауы үшін қызмет етеді

Сауда: негізгі қаржылық көрсеткіштердің орташа салалық мәндері мен квартильдік бөлу серпіні

	2016 жылдың 3 тоқсаны			2016 жылдың 4 тоқсаны			2017 жылдың 1 тоқсаны			2017 жылдың 2 тоқсаны			2017 жылдың 3 тоқсаны		
1. Ағымдағы өтімділік коэффициенті (1 теңге мерзімді міндеттемелердің айналым қаражаты)															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	1.64			1.30			1.39			1.44			1.95		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.95	1.13	1.77	0.92	1.08	1.55	0.92	1.10	1.61	0.94	1.11	1.71	0.98	1.16	2.08
2. Жалпы төлем қабілеттілігінің коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	1.24			1.31			1.36			1.41			1.31		
<i>25% - 50% -75%</i>	1.00	1.08	1.39	1.00	1.10	1.53	1.00	1.10	1.51	1.00	1.10	1.56	1.00	1.08	1.49
3. Қайта қаржыландыру деңгейі															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	17.68			19.08			26.26			20.17			19.10		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.19	11.18	32.90	0.29	11.96	36.71	0.49	17.62	50.12	0.33	12.29	38.49	0.30	11.00	36.80
4. Активтердегі айналым қаражатының үлесі, %															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	95.86			95.98			91.96			96.64			96.60		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	93.34	98.75	100.00	93.49	98.66	100.00	87.83	97.53	99.97	94.85	99.11	100.00	94.80	99.20	100.00
5. Активтердің айналымдылық коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	0.37			0.46			0.37			0.35			0.36		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.09	0.28	0.59	0.11	0.39	0.71	0.07	0.25	0.54	0.09	0.28	0.56	0.09	0.30	0.59
6. Айналым қаражатының айналымдылық коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	0.52			0.59			0.50			0.46			0.55		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.14	0.39	0.84	0.14	0.46	0.91	0.10	0.31	0.71	0.12	0.35	0.74	0.14	0.41	0.85
7. Сату пайдалылығы, %															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	18.64			18.22			15.27			19.30			20.10		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	8.40	16.55	27.85	8.20	16.00	27.25	7.30	17.90	32.70	8.70	16.90	28.30	8.00	17.90	29.30



Көлік: сұраныс және бағалар

Мәлімет үшін:

ҰЭМ СК мәлеметі бойынша өндіру өнеркәсібі жылдың басынан жүк айналымы көлемі 8,1%-ға дейін көтерілді

Дайын өнімге сұраныс

Қатысушы кәсіпорындардың бағалаулары бойынша саладағы дайын өнімге деген сұраныс өткен тоқсанмен салыстырғанда аз ғана төмендеді (ДИ=48,9).

Кәсіпорындардың күтулері бойынша 2017 жылғы 4-тоқсанда сұраныс деңгейі 2017 жылғы 3-тоқсандағыдай болып қалады (ДИ=50,3).

Дайын өнім бағасы


2017 жылғы 3-тоқсанда көлік қызметтерінің бағалары айтарлықтай өзгерген жоқ (ДИ=51,0). Кәсіпорындардың күтулері бойынша 2017 жылғы 4-тоқсанда көлік қызметі тарифтері біраз көтеріледі.

Шикізат пен материалдардың бағасы


Шикізат пен материалдар бағасының өсу темпі барлық салада төмендеді, бірақ ең төменгі көрсеткіш көлік саласында. Солай, 2017 жылғы 3-тоқсанда саладағы баға өсімі кенет баяулап (ДИ=60,3), қарастырылып отырған кезеңде ең төменгі деңгейге жетті.

2017 жылғы 4-тоқсанда қатысушы кәсіпорындардың күтуі бойынша шикізат пен материалдар бағасының өсуі жоғарырақ қарқынмен жалғасады (ДИ=64,8).


Дайын өнімге сұраныс ДИ*



Дайын өнім бағалары ДИ*



Шикізат пен материалдар бағалары ДИ*



* ДИ - диффузиялық индекс (мезгілдік өзгерістерден тазартылған). 50 деңгейден қанша жоғары (төмен) болса, сұраныстың өсу (құлдырау) қарқыны сонша жоғары (төмен), 50 деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді

Көлік: кредиттеу талаптарын бағалау

Көлік саласының кәсіпорындарын кредиттеу 2017 жылғы 3-тоқсанда өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 10,8%-ға ұлғайып, 589,8 млрд. теңгені құрады.

2017 жылғы 3-тоқсанда негізгі және айналым қаражатын қаржыландыру негізінен кәсіпорындардың меншік қаражаты есебінен жүзеге асырылды.


Кәсіпорындар қаржыландырудағы мүмкіндіктерді шектейтін негізгі факторлар ішінен, бірінші кезекте, қаржы қаражатының жетіспеушілігін, пайданың жетіспеушілігін және Қазақстан экономикасының жағдайын атап өтті.

2017 жылғы 3-тоқсанда кредиттеудің баға шарттары шетел валютасымен берілетін кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлеменің 5 %-ға дейін төмендеуіне, сондай-ақ теңгемен және шетел валютасымен кредиттеудің орташа мерзімдерінің ұзаруына байланысты біршама жақсарды.

2017 жылғы 3-тоқсанда кредит алуға ниеті бар кәсіпорындардың үлесі 9,2%-ды құрады.

Саладағы қарыздар бойынша мерзімі өткен (90 күннен астам) берешегі бар кәсіпорындарының үлесі 4,8%-ға дейін қысқарды (2017 жылғы 2-тоқсанда – 6,2 %).

Теңгемен кредиттеу шарттары



Валютамен кредиттеу шарттары



Көлік: қаржы көрсеткіштерін бағалау




Көлік саласындағы пікіртерімнің нәтижесі бойынша 2017 жылғы 3-тоқсанда кәсіпорындардың қаржы-экономикалық көрсеткіштерінде оң өзгерістер басым болды.

Ағымдағы өтімділік коэффициенті (АӨК) 1-ден жоғары кәсіпорындардың үлесі 65,5%-ға дейін ұлғайды. Қаржылық тәуелсіз кәсіпорындардың үлесі ($УС \geq 0,5$) де аз ғана ұлғайып 37,8%-ды құрады.

Жоғары рентабельді кәсіпорындардың үлесі едәуір артып, қарастырылып отырған кезеңнің ішінде ең жоғарғы көрсеткішке жетті (44,7%).

Өнім сатудағы шығындар үлесі 0,78% дейін қысқарды.

Сондай-ақ, меншік капиталының рентабельділігі (МКР) 20%-дан жоғары кәсіпорындардың үлесі 34,1%-ға дейін ұлғайғанын атап өткен жөн (2017 ж. 2-тоқсанда - 29,7%), .



* Бөлім көрсеткіштері кәсіпорындардан тоқсан соңында алатын өнімді (жұмысты, қызметті) сатудан кірістің және теңгерім көрсеткіштерінің күтілетін мәндерін бағалаулар негізінде салалар бойынша орташа есеппелінген қаржылық коэффициенттерінің сапалық және сандық бағалаулармен көрсетілген. Бұл ретте алынатын 22 бағалаулар мәндердің абсолюттік дәлдігін алып қою мақсатын көздемейді және сала жағдайының өзгерістері үрдістерінің оперативті талдамы үшін қызмет етеді.


Көлік: орташа салалық мәннің серпіні және негізгі қаржы көрсеткіштерін квартильдік бөлу

	2016 жылдың 3 тоқсаны			2016 жылдың 4 тоқсаны			2017 жылдың 1 тоқсаны			2017 жылдың 2 тоқсаны			2017 жылдың 3 тоқсаны		
1. Ағымдағы өтімділік коэффициенті (1 теңге мерзімді міндеттемелердің айналым қаражаты)															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	1.36			1.34			2.35			1.11			1.28		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.66	1.07	1.72	0.64	1.05	1.72	0.68	1.17	2.27	0.54	0.99	1.54	0.60	1.05	1.76
2. Жалпы төлем қабілеттілігінің коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	1.82			1.53			3.46			1.55			1.61		
<i>25% - 50% -75%</i>	1.00	1.24	2.09	1.00	1.14	1.88	1.00	1.26	2.92	1.00	1.11	1.93	1.00	1.13	1.97
3. Қайта қаржыландыру деңгейі															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	40.28			40.60			35.70			36.71			40.80		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	3.55	37.27	78.07	3.34	37.08	76.63	2.46	28.49	72.68	4.01	30.05	72.63	4.40	40.90	75.00
4. Активтердегі айналым қаражатының үлесі, %															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	48.32			48.07			49.03			47.62			49.30		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	15.40	39.44	84.92	14.35	39.51	83.91	16.56	43.40	84.87	14.93	42.99	82.41	16.50	44.40	85.60
5. Активтердің айналымдылық коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	0.13			0.12			0.15			0.13			0.13		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.03	0.10	0.20	0.04	0.11	0.19	0.03	0.11	0.23	0.03	0.10	0.22	0.03	0.11	0.20
6. Айналым қаражатының айналымдылық коэффициенті															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	0.43			0.47			0.51			0.47			0.42		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	0.09	0.34	0.69	0.14	0.37	0.69	0.11	0.34	0.77	0.13	0.38	0.71	0.12	0.38	0.69
7. Сату пайдалылығы, %															
<i>Салалар бойынша орташа мәні</i>	27.09			19.94			25.98			21.46			27.80		
<i>Квартиль: 25% - 50% -75%</i>	6.50	24.35	45.80	2.80	18.60	35.60	3.50	18.30	53.65	6.45	18.15	38.65	10.60	25.60	43.70




Салалық шолуға қосымша: Негізгі қаржылық көрсеткіштердің орташа салалық мәні


Ағымдағы өтімділік коэффициенті




Жалпы төлем қабілеттілігі коэффициенті



Өзін-өзі қаржыландыру деңгейі




Айналым қаражатының активтердегі үлесі




Салалық шолуға қосымша: Негізгі қаржылық көрсеткіштердің орташа салалық мәні


Сатудың рентабельділігі, %



Айналым қаражатының айналымдылық коэффициенті



Активтердің айналымдылық коэффициенті



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
Зерттеулер және статистика департаменті